

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/406 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 қаңтарда № 3989 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары В.Г.Гороховацкийге жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі *Е.Сағдиев*

С а н д ы қ т а у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ А - 1 3 / 4 0 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 09.06.2014 № А-6/186 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--	--

Мектепке дейінгі білім ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Балабақша	120	0	23584,9	0	23584,9	0	7500	0
Балалар толық күн болатын шағын орталық	255	0	15906	0	15906	0	5500	0
Балалар жарты күн болатын шағын орталық	240	0	7953	0	7953	0	3000	0